

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің
2014 жылғы 20 наурыздағы
шешімімен **БЕКІТІЛГЕН**
№ 02/14 хаттама

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі»
акционерлік қоғамының ақпаратты ашу
саясаты**

(2017.08.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Астана қ., 2014 жыл

1. Жалпы ережелер
2. Ақпаратты ашу нысандары мен тәсілдері
3. Ақпаратты ашу тәртібі
4. Холдингінің қызметі туралы жария ақпаратты ашу
5. Холдингінің органдарына, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне ақпаратты ашу
6. Басқа ережелер

1. Жалпы ережелер

1.1. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» (бұдан әрі - Холдинг) акционерлік қоғамының осы Ақпаратты ашу саясаты (бұдан әрі - Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына (бұдан әрі - Заңнама), Холдингінің Жарғысына және Холдингінің өзге ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.

1.2. Саясат акционерге, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, Холдингінің қызметіне мүдделі тұлғаларға (бұдан әрі - мүдделі тұлғалар), инвесторлар мен өзге тұлғаларға (бұдан әрі бірлесіп - Ақпаратты алушылар деп аталатындар) Холдинг және олардың мүддесін қозғайтын қызметі туралы қажетті ақпаратты дер кезінде табыстау, Холдингінің ақпараттық мөлдірлігін арттыру және Холдингпен және Ақпаратты алушылар арасында анық ақпараттық ағынды белгілеу мақсатында әзірленген.

1.3. Холдингінің Директорлар кеңесіне (бұдан әрі - Директорлар кеңесі) ақпарат Холдингінің Жарғысына, Холдингінің Директорлар кеңесі туралы ережеге, Директорлар кеңесінің шешімдеріне және Холдингінің өзге ішкі құжаттарына сәйкес беріледі.

1.4. Саясатта қолданылатын, бірақ анықталмаған терминдер олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында, Холдингінің Жарғысында және іскерлік айналым қағидаларында пайдаланатын сол мағынасында пайдаланылады.

1.5. Холдингінің саясаты келесі қағидаларға негізделген:

- **жүйелілік қағидасы** Холдингінің Ақпаратты алушыларға тұрақты және жүйелі негізге ақпаратты беруге ниетті және дайын екенін білдіреді;

- **жеделдік қағидасы** Холдингінің Ақпаратты алушыларға неғұрлым қысқа мерзімде, соның ішінде олардың мүдделері мен Холдингінің қызметін қозғайтын неғұрлым мәнді ахуалдар мен фактілер туралы тиісті шешімдерді қабылдау қажет болған кезде ақпаратты беруге ниетті екенін білдіреді;

- **қолжетімділік қағидасы** Холдингтің ақпаратты алу тәсілдерін Ақпаратты алушылар үшін мүмкін, ерікті және ауыртпалық түсірмейтінін білдіреді;

- **қолжетімділік қағидасы** Холдингтің бұқаралық ақпарат құралдарында Холдингтің беделіне жағымсыз әсер ететін оның қызметі туралы қасақана жалған немесе бұрмаланған мәліметтердің ықтимал пайда болуын болдырмау үшін барлық қажетті қолданалатынын білдіреді;

- **толықтылық қағидасы** Холдингтің қызметінің ақпараттық мөлдірлігі үшін жеткілікті болатын толық көлемде ақпараттың берілетінін білдіреді. Заңнама мен Холдингтің Жарғысына сәйкес ашылатын міндетті ақпараттан басқа, Холдинг ерікті негізде ағымдағы және жоспарланатын қызмет бойынша ақпараттың және Холдингтің қызметінің неғұрлым толық түсінілуі мақсатында басқа ақпараттың беріле алатынын білдіреді.

- **теңгерімділік қағидасы** Ақпаратты алушылардың құқықтарын максималды іске асыруын қамтамасыз ету мақсатында, бірақ қызметтік, коммерциялық немесе өзге заңмен қорғалатын Холдингтің құпиясын құрайтын ақпаратқа қолжетімділікті шектеу бөлігінде Холдингтің мүдделерін қатаң сақтау жағдайында бір жағынан ашықтылықтың, екінші жағынан құпиялылықтың қисынды теңгерімін Холдингтің қамтамасыз етуін білдіреді;

- **тең құқықтық қағидасы** Заңнамамен және Холдингтің Холдингтің ішкі құжаттарымен көзделген жағдайларды қоспағанда, мүдделі тұлғалардың ақпаратты алуында бірдей мүмкіндіктері мен құқықтарын қамтамасыз етуді білдіреді;

- **ақпараттық ресурстардың қорғалғандық қағидасы** Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілген қызметтік, коммерциялық немесе өзге заңмен қорғалатын Холдингтің құпиясын құрайтын ақпаратты қорғау тәсілдері мен құралдарын пайдаланатын Холдингтің құқығын білдіреді;

- **объективтілік қағидасы** өз қызметі және еншілес ұйымдардың қызметін жариялаған кезде Холдингтің бірдей деңгейде позитивтік, сондай-ақ жағымсыз ақпарат ретінде ашылуын білдіреді, егер осындай қызметтік, коммерциялық немесе өзге заңмен қорғалатын құпия болып табылмаса;

1.6. Ақпаратты жинаудың, дайындаудың, ашылу тиіс ақпаратты келісу мен таратудың ішкі рәсімдері Холдингтің Басқармасымен белгіленеді.

2. Ақпаратты ашу нысандары мен тәсілдері

Ақпаратты тарату кезінде Холдинг келесілерді қоса алғанда, бірақ шектелмей, келесі коммуникативтік құралдарды (PR - құралдар) пайдаланады:

- **Ақпаратты алушылар үшін дайындалған жазбаша құжат**, қоса алғанда, бірақ шектелмей, сұрау салуларға жауаптар, бұқаралық ақпарат құралдарында (бұдан әрі - БАҚ) жарияланымдар (хабарламалар), кітапшалар, Холдингтің қызметі туралы есептер, Холдингтің қызметкерлері үшін материалдар;

- **Ауызша хабарлама**, қоса алғанда, бірақ шектелмей, сұхбат, пресс-конференциялар, Холдинг ішінде және шегінен тыс кеңестерде және көпшілік іс-шараларында сөз сөйлеу;

- **Аудиовизуалдық жазба**, қоса алғанда, бірақ шектелмей, Холдинг ішінде және шегінен тыс кеңестерде, көпшілік немесе өзге іс-шараларда (конференцияларда) пайдаланылатын видеороликтер, корпоративтік видеофильмдер, радио- және телебағдарламаларда сөз сөйлеу немесе сұхбат, слайдтар және визуалдық көріністің өзге құралдары;

- **Электрондық тасығыштарда бағытталатын (табысатынын) материалдар**, соның ішінде, электрондық пошта бойынша, қоса алғанда, бірақ шектелмей, дискілерде, USB құрылғылары мен басқа тасығыштарда.

2.1. Ақпаратты ашу келесі тәсілдермен ақпаратты ашу арқылы Холдингпен жүзеге асырылады:

- Заңнамамен, Холдингтің [Жарғысымен](#), осы Саясатпен және Холдингтің басқа ішкі құжаттарымен (бұдан әрі - Холдинг құжаттары) көзделген тәртіпте Ақпаратты алушыларға ақпаратқа (құжаттарға) қолжетімділікті беру;
- БАҚ-да орналастыру;
- www.baiterek.gov.kz мекен-жайы бойынша Холдингтің веб-сайтында (бұдан әрі— Холдингтің сайты) Интернет желісінде және Facebook-те Холдингтің ресми бетінде және басқа әлеуметтік желілерде орналастыру;
- Холдингтің ішкі ресурстарында орналастыру (portal.baiterek.gov.kz, «Microsoft Outlook Express», «Outlook Express» бағдарламалық өнімдері және басқалары);
- Ақпаратты алушылармен пресс-конференциялар мен кездесулерді өткізу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Холдингтің құжаттарымен қарастырылған өзге тәсілдермен.

3. Ақпаратты ашу тәртібі

3.1. Холдинг қызметі туралы ақпарат үш топқа бөлінеді:

- жалғыз акционер мен Холдингтің инвесторларына ашылу тиіс мәліметтер;
- уәкілетті мемлекеттік органның белгілеген міндетті тәртібінде берілу тиіс мәліметтер;
- Мүдделі және өзге тұлғаларға ашылатын мәліметтер.

3.2. Жалғыз акционер мен Холдингтің инвесторларына ақпаратты ашу.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің 2017.08.06. (№ 05/17 [хаттама](#)) шешімімен 3.2.1-тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

3.2.1. Холдингтің жалғыз акционерінің және инвесторларының құқықтары мен мүддесін қорғау үшін Холдинг Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Саясатта және Холдингтің басқа құжаттарында көзделген тәртіппен Холдинг туралы ақпаратқа қолжетімділікті, оның ішінде Холдингтің Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер мәселелерінің тізбесі бойынша қамтамасыз етеді.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің 2017.08.06. (№ 05/17 [хаттама](#)) шешімімен 3.2.1-1-тармақшамен толықтырылды

3.2.1-1. Холдингтің Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер мәселелерінің тізбесі, жалғыз акционердің және инвесторлардың назарына жеткізілуі тиіс ақпарат:

- 1) Холдингтің орналастырылған бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдауы;
- 2) Холдинг сатып алатын кезде акциялардың құнын айқындау әдістемесін бекіту және оған өзгерістер енгізу;
- 3) Холдингтің басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлесінің) он және одан жоғары пайызын сатып алу (иеліктен шығару) туралы шешім қабылдауы;
- 4) компанияны тарату, қайта ұйымдастыру туралы шешім шығару Холдингтің Жарғысымен жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған компанияларды қоспағанда, компанияларды тарату, қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдау;
- 5) Холдингтің міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан жоғары пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;
- 6) Холдингке тиесілі барлық активтердің он пайызынан жиырма пайызына дейінгі сомада активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру жолымен өзге заңды тұлғаларды құруға қатысу немесе олардың қызметіне қатысу туралы Холдингтің шешім қабылдауы;
- 7) Холдинг жалғыз акционері болып табылатын ұлттық компанияның нәтижесінде құны ұлттық компанияның активтері құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан

жоғары пайызын құрайтын мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасуы туралы шешім қабылдауы.

3.2.2. Корпоративтік хатшы жалғыз акционерге ақпаратты дер кезінде беруді қамтамасыз етеді.

3.2.3. Жалғыз акционерге беріледі, қоса алғанда, бірақ шектелмейді:

- жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын ақпарат;
- Заңнама және Холдингтің Жарғысына сәйкес Холдингтің корпоративтік ахуалдары туралы ақпарат;
- Холдингтің қаржылық-шаруашылық қызметіне өткізілген тексерістер нәтижелері;
- Холдингтің бағалы қағаздарын басымдықты сатып алу құқығы бойынша ашылатын ақпарат;
- Холдингтің Жарғысына, жалғыз акционердің мен Холдингтің Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес өзге ақпарат.

3.2.4. Холдинг «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының [заңының](#) (бұдан әрі - Заң) және Холдингтің [Жарғысына](#) сәйкес жалғыз акционер мен Холдингтің инвесторларына Холдингтің корпоративтік ахуалдары туралы ақпаратты береді.

3.2.5. Егер өзгесі Холдингтің Жарғысымен және Холдингтің ішкі құжаттарымен белгіленбесе, Холдингтің жалғыз акционеріне берілетін Холдингтің жылдық есебінде көрсетілу тиіс:

- Холдингтің қаржылық және операциялық қызметінің нәтижелері;
- Холдингтің мақсаттары, қызметінің басымдық бағыттары (даму стратегиясы) және оларды орындау (қол жеткізу) нәтижелері;
- Холдингтің және оның еншілес (тәуелсіз) ұйымдарының меншігінің құрылымындағы өзгерістер;
- Директорлар кеңесінің жылдық есебі;
- Холдингтің қызметіне байланысты тәуекелдерді барынша азайту үшін қолданылатын шаралардың сипаттамасы;
- Әр мәміленің тараптары, жағдайлары, оны жасау туралы шешім қабылдаған Холдингтің органы көрсетілетін Холдингтің жасауында мүдделілігі болатын есептік жылы жасалған ірі мәмілелер мен мәмілелердің тізбесі;
- Холдингтің ішкі құжаттарымен белгіленген есептік жылдың нәтижелері бойынша тәртіпте төленген немесе төлену тиіс Холдингтің лауазымды тұлғаларының сыйақысының (шығынды өтеу) мөлшері;
- Мүдделі тұлғаларға байланысты елеулі сұрақтар;
- Мемлекеттен алынатын кепілдіктерді қоса алғанда, кез-кедген қаржылық қолдау және Холдингтің өзіне қабылдаған мемлекет пен үшінші тұлғалар алдында кез-келген міндеттемелер;
- Кез-келген елеулі корпоративтік ахуалдар;
- Холдингтің Жарғысымен немесе Холдингтің өзге ішкі құжаттарымен көзделген өзге ақпарат.

3.3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына ақпаратты ашу.

3.3.1. Холдинг Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте ақпаратты Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына ашады.

3.3.2. Холдинг міндетті тәртіпте келесі органдарға ақпаратты ашуды жүзеге асырады, бірақ шектелмейді:

- Бағалы қағаздар нарығын ретке келтіру және қадағалау саласында уәкілетті мемлекеттік органға;
- Салық салу мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органға;
- статистика бойынша уәкілетті мемлекеттік органға.

3.3.3. Бағалы қағаздар нарығын ретке келтіру және қадағалау саласында уәкілетті мемлекеттік орган талаптарына сәйкес Холдинг Холдинг Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте келесі сипаттағы ақпаратты ашады:

- Үлестес тұлғалар туралы мәліметтер;
- эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару даңғылы;
- эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындысы туралы есеп;
- Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес өзге ақпарат.

3.3.4. Холдингтің үлестес тұлғаларына ақпаратты жинау мен тікелей есебін Холдингтің құрылымдық бөлімшесі жүзеге асырады. Ол Холдингтің ішкі құжаттарына сәйкес Холдингтің Басқарма төрағасының және (немесе) оның уәкілеттеген тұлғасының қолы қойылған бағалы қағаздар нарығын ретке келтіру және қадағалауды бағыттайды.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің іштей отырысының (2016.18.07. № 07/16 хаттамасынан үзіндімен) 3.3.5-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

3.3.5. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда мемлекеттік органдардың сұрауларына сәйкес, Холдинг оларға өз құзыреті шегінде тиісті ақпаратты ұсынады.

Егер сұрау салу пәні тиісті мемлекеттік органдардың құзыретінің аясынан шығатын болса, әр нақты жағдайда сұралып отырған ақпаратты беру орындылығы туралы шешімді Холдингтің Басқармасы дербес қабылдайды.

Қолжетімділігі шектеулі ақпарат мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасы заңнамасының және Холдинг құжаттарының талаптары ескеріле отырып ұсынылады. Бұл ретте Холдинг ақпарат ұсынылатын мемлекеттік органдардан оны жария етпеу міндеттерін сақтауды талап етуге құқылы.

3.3.6. Мемлекеттік органдарға ашылатын ақпарат тізбесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының өзгеруіне қарай ауыса алады.

3.4. Мүдделі және өзге тұлғаларға ақпаратты ашу.

3.4.1. Холдинг Қазақстан Республикасының заңнамасына, Холдингтің Жарғысына және Холдингтің өзге ішкі құжаттарына сәйкес уақытылы және жүйелі негізде, Мүдделі тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қозғайтын ақпаратқа қолжетімділікпен Мүдделі тұлғаларды қамтамасыз етеді.

3.4.3. Кредиторлар мен Холдингтің жалғыз акционеріне хабарлау мақсатында Холдингтің корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесінің Холдингтің ірі мәмілені жасау туралы шешімін қабылдағанынан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Холдингтің веб-сайтында мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялау үшін мәміле туралы тиісті ақпаратты енгізеді.

3.4.4. Холдингтің қызметкерлері еңбек жағдайлары және еңбекті қорғау туралы толық және дұрыс ақпаратты алуға құқылы болады. Осы ақпарат, сондай-ақ қызметкердің оның функционалдың міндеттерін орындауға қатысы болатын өзге ақпарат Холдинг Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Холдингтің өзге ішкі құжаттарымен анықталатын тәртіпте еңбек шартына қол қойған соң қызметкердің назарына жеткізіледі.

3.4.5. Мемлекеттік органдар болып табылмайтын өзге ұйымдардың сұрау салуы бойынша, Холдинг Холдинг Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Холдингтің өзге ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте және шектеулер ескеріліп, тек ақпаратты бере алады.

Холдинг көрсетілген тұлғалардан ақпаратты беруге байланысты шығынды өтеуін (ксерокөшіруге, пошта бойынша жөнелтуге шығын және т.б.) сұрауға құқылы болады.

3.4.6. Холдингтің аудиторлық ұйымдармен, консалтингтік компаниялармен (кеңесушілермен), рейтингтік агенттіктермен өзара қатынас жасауы кезінде ақпаратты ашу тәртібі Холдинг Холдинг Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Холдингтің өзге ішкі құжаттарымен және көрсетілген ұйымдармен жасалған шарттармен анықталады.

3.5. Алдын-ала ақпаратты ашу.

3.5.1. Холдинг тиісті пресс-релиз шыққанша Холдингтің таза пайдасына немесе басқа көрсеткіштерге қатысты болжам жасамайды.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің іштей отырысының (2016.18.07. № 07/16 хаттамасынан үзіндімен) 3.5.2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

3.5.2. Бұл ретте Холдинг бекітпелерді дұрыс бермеу ықтималдығына жауапкершіліктен босаутға сілтеме жасалатын алдын-ала ақпаратты инвестициялық қоғамдастыққа бере алады. Осындай ақпарат Холдингтің объективтік бағасы мен оны келесі жағдайларда, аналитиктердің және инвесторлардың дамуының келешегін қамтамасыз ететін жеткілікті көлемде беріледі:

- ақпарат қолжетімділігі шектеулі ақпарат болып табылмайды;
- ақпарат қызметтің қаржылық-шаруашылық нәтижелері туралы болжамнан тұрмайды;

- ақпаратты Холдингтің уәкілетті қызметкерлері дайындаған.

3.5.3. Испеттес ылдын-ала ақпарат келесілерден тұра алады:

- Табыс, шығын және күрделі шығын көлемін бағалау;

- Жаңа жобалар туралы ақпарат;

- Жоғарыда келтірілген жағдайлар ескеріліп, өзге коммерциялық және техникалық ақпарат.

3.5.4. Егер бұрын ашылған ақпараттан жаңа ақпараттың ауытқуының түсіндірулері берілмейтін болса, жылдық, тоқсандық және өзге есептерді, сондай-ақ бар фактілер туралы хабарламалар мен пресс-релиздерді қоса алғанда, алдын-ала ақпарат кез-келген нысанда бұрын ашылған ақпаратқа қайшы келмеу тиіс.

3.5.5. Егер алдын-ала ақпарат жазбаша құжатқа қосылған болса, онда ол сондай-ақ осы ақпараттың алдын-ала болып, елеулі түрде өзгертіле алатыны туралы тиісті ескертуден тұру тиіс. Алдын-ала ақпаратты ауызша ашқан жағдайда осындай ескертуді дыбыстау немесе мәтінде осындай ескерту болатын пресс-релизге немесе есепке сілтеме жасау керек болады.

3.5.6. Холдингтің қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне қатысты алдын-ала ақпарат, істі әдетте жүргізу барысында жұмысы қаржылық нәтижелердің дайындалуына және ашылуына байланысты, Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелерімен, сондай-ақ Холдингтің бөлек қызметкерлерімен талқылану тиіс. Жоғарыда көрсетілген тұлғалар осындай ақпаратты жарияламау үшін толық жауапты болады.

3.6. Холдингтің Жарғысына сәйкес қызметтік, коммерциялық немесе өзге заңмен қорғалатын құпияны құрайтын Холдинг немесе оның қызметі туралы ақпарат Холдингтің Директорлар кеңесімен анықталады.

3.7. Холдингтің қызметкерлері бағалы қағаздар нарығының субъектілерімен өзара әрекеттесу кезінде «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, Қазақстан Республикасының өзге нормативтік-құқықтық актілерімен және Холдингтің ішкі құжаттарымен көзделген шектеулерді басшылыққа алу тиіс.

Бұл ретте Холдингтің Директорлар кеңесі бекітетін Холдингтің ішкі құжатымен белгіленеді: инсайдерлік ақпаратқа жатқызылатын ақпараттың тізбесі, инсайдерлік ақпаратты ашу мерзімі мен тәртібі, инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік құқықтарын шектеу және инсайдерлердің осындай ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігін болдырмау үшін ішкі бақылау қағидалары, инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі болатын тұлғалар тізімін жүргізу, өзекті күйде қолдау тәртібі, сондай-ақ оларды тізімнен алып тастау, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инсайдерлік ақпаратты иелені және пайдалануды бақылауды Холдингге жүзеге асыруға мүмкіндік беретін өзге ережелер.

3.8. Дағдарысты, төтенше немесе жалжал жағдайларында Холдинг туралы ақпаратты ашу кезінде Холдингтің бөлімшелерінің өзара әрекеттесу тәртібі Холдингтің Басқармасымен анықталады.

3.9. Ақпараттық-беделдік сүйемелдеуді қамтамасыз ету және Холдингтің қызметінің мөлдірлігін арттыру бойынша жауапты бөлімше Холдингтің **PR-қызметі туралы ереже мен** Холдингтің өзге ішкі құжаттарына сәйкес Холдингтің **PR-қызметі болып табылады.**

4. Холдингтің қызметі туралы жария ақпаратты ашу

4.1. Холдинг қызметі туралы жария ақпаратты ашу Холдингтің беделінің нығайтылуына жәрдемдеседі.

4.2. Холдинг Қазақстанның ішінде, сондай-ақ оның шегінен тыс, өз қызметі туралы қоғамдастықтың ақпараттандырылу деңгейін арттыруға ұмтылады. Бұл Холдинг туралы оң қоғамдық пікірді (жағымды бедел) құру және инвесторлар мен қоғамдастық тарапынан сенімнің нығайтылуына әсер етеді.

4.3. Холдингтің басқармасы БАҚ-да мақалалар, сұхбат, пресс-релиздер, жылдық қаржылық есептілік, басқа қажетті ақпарат, сондай-ақ радио және телебағдарламаларда сөйлеуді жариялайтын жоспарды бекітуді жыл сайынғы негізде қамтамасыз етеді.

4.4. Холдинг сондай-ақ жариялау үшін ақпараттан тұрайтын БАҚ үшін қысқа арнайы хабарламаларды - пресс-релиздерді орналастырады. Пресс-релиздің басқы міндеті - жаңалықты оның келесідей болатынындай етіп, хабарлау:

- БАҚ-да толық немесе жартылай жарияланған болатын;
- Қоғамдастықты қызықтырған.

4.5. Пресс-релиз БАҚ-на табысталады және оны Холдингтің Басқармасы Төрағасымен және (немесе) Холдингтің өзге уәкілетті тұлғасымен келіскеннен кейін ғана Холдингтің веб-сайтында орналастырылады.

4.6. Холдинг қызметкерлері Холдингтің ішкі құжаттарымен көзделген тәртіпте Қазақстанның аумағында, сондай-ақ шегінен тыс өткізілетін конференцияларда сөз сөйлей алады.

4.7. Холдинг өз қызметі туралы кітапшалар мен басқа баспа басылымдарын шығаруға құқылы.

4.8. Ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде біркөзгілде Холдингтің веб-сайтында орналастырылады.

Құжаттың аудармасына жұмсалатын уақытша кезеңді ескере отырып, кешіктірумен мемлекеттік тілде ақпаратты орналастыруға жол беріледі.

4.9. Холдинг белгіленген тәртіпте Холдингтің веб-сайтын уақытылы, толық және сапалы жаңартуға Холдингтің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің жауапкершілігін нығайтады.

4.10. Холдингтің веб-сайтында келесі ақпарат пен құжаттар орналастырылады: (Холдингтің тарихы, Холдингтің ұйымдық құрылымы), Холдингтің басқармасының корпоративтік құрылымы, негізгі корпоративтік құжаттар, Холдингтің даму стратегиясы, Холдингті сатып алу туралы ақпарат. Холдингтің мәнді корпоративтік ахуалдары), сондай-ақ Холдингтің қарастыруы бойынша ашылатын өзге ақпарат.

5. Холдингтің органдарына, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне ақпаратты ашу

5.1. Ақпаратты ашу бойынша Холдингтің органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыреттілігі мен жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына және Холдингтің ішкі құжаттарына сәйкес анықталған.

5.2. Холдингтің Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің қабылдаған шешімдерін ресми түрде түсіндіруге, сондай-ақ мемлекеттік, қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзге қорғалатын Холдингтің

құпиясының сақталуын қамтамасыз ету бойынша талаптарды сақтау ескеріліп, Директорлар кеңесінің мәжілістерінде қарастырылған сұрақтар бойынша Директорлар кеңесінің көзқарас тұрғысын мазмұндауға құқылы болады.

5.3. Холдингтің Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің мәжілістерінде қарастырылған сұрақтар бойынша, сондай-ақ сондай-ақ мемлекеттік, қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзге қорғалатын Холдингтің құпиясының сақталуын қамтамасыз ету бойынша талаптарды сақтау ескеріліп, Директорлар кеңесінің мәжілістерінде қабылданған шешімдер бойынша өзінің көзқарас тұрғысын көпшілік алдында жариялауға құқылы болады.

5.4. Холдингтің Басқармасының Төрағасы мен мүшелері Ақпаратты алушыларға ақпарат пен есептілікті беруді ұйымдастыру мен дер мезгілділігі, осындай ақпарат пен есептіліктің күйі мен дұрыстығы үшін жауапты болады.

5.5. Жалғыз акционердің уәкілетті тұлғасы, Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелері, Холдингтің Төрағасы мен мүшелері (өз құзыретті шегінде) Холдингтің қызметіне байланысты мәселелер бойынша көпшілік алдында сөз сөйлеудің ерекше құқығын иеленген.

Көрсетілген тұлғалар елде және шетелде өткізілетін конференцияларда, кеңестерде, семинарларда, Қазақстан Республикасының жұмыс органдарының отырыстарында, өзге қоғамдық іс-шараларда Холдингтің атынан көпшілік алдында сөз сөйлеуге (ақпаратты беруге), пресс-конференцияларда, телефондық және видеоконференцияларда қатысуға, сұхбат беру, мемлекеттік, қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзге қорғалатын Холдингтің құпиясының сақталуын қамтамасыз ету бойынша талаптарды сақтау ескеріліп, қазақстандық және шетелдік БАҚ, қаржылық және инвестициялық компаниялар үшін түсіндірмелермен шығуға тиісті тапсырманы жолдау арқылы Холдингтің қызметкерлерін уәкілеттеуге құқылы болады.

Холдингтің атынан белгіленген тәртіпте көпшілік алдында сөз сөйлеуге уәкілетті емес тұлғалар Холдингтің қызметіне қатысты түсіндірмелер мен жауаптарды, сұрақтар мен сұрау салуларды беруге құқылы болмайды.

5.6. Холдингтің қызметкерлерінің сөйлейтін сөзінің дайындалған жариялайтын жарияланымдары/мәтіндері міндетті тәртіпте Холдингтің Басқарма Төрағасымен немесе оны алмастырушы тұлғамен келісіледі.

5.7. Холдингтің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері осы Саясатқа толық сәйкес Холдингтің қызметі туралы ақпаратты ашу тиіс.

6. Басқа ережелер

6.1. Холдингтің басқа тұлғалардан алдын-ала алуы тиіс ақпаратты Холдингтің ашуы қажет болған жағдайда, Холдинг осындай ақпаратты уақытында алу мен тұрақты жаңарту үшін барлық шараны қолданады.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің іштей отырысының (2016.18.07. № 07/16 хаттамасынан үзіндімен) 6.2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

6.2. Холдинг құпия сипаттағы ақпаратты және (немесе) қолжетімділігі шектеулі ақпаратты қорғауды Қазақстан Республикасының заңнамасында және Холдингтің ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

6.3. Холдингке және/немесе жалғыз акционерге залал келтіруге әкеп соқтыратын ақпаратты ашуға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасы, Холдингтің Жарғысы, Осы Саясат пен Холдингтің ішкі құжаттары бұзылған жағдайда, айыпты тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартыла алады.

6.4. Қазақстан Республикасының заңнамасы, Холдингің [Жарғысы](#) өзгерген жағдайда, Осы Саясаттың нормалары Қазақстан Республикасының заңнамасына және Холдингің көрсетілген құжаттарына қайшы келмейтін бөлікте әрекет етеді.